

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Министерство здравоохранения Республики Казахстан	Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 30 мамырдағы № 415 бұйрығымен бекітілген № 017 /е нысанды медициналық құжаттама
Санитариялық-эпидемиологиялық қызметтің мемлекеттік органының атауы Наименование государственного органа санитарно- эпидемиологической службы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Қоғамдық денсаулық сақтау комитеті Маңғыстау облысы Қоғамдық денсаулық сақтау департаментінің Мұнайлы аудандық қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы Мунайлинское районное Управление охраны общественного здоровья Департамента охраны общественного здоровья Мангистауской области Комитета охраны общественного здоровья Министерства здравоохранения Республики Казахстан	Медицинская документация Форма № 017/у Утверждена приказом Министра национальной экономики Республики Казахстан от 30 мая 2015 года № 415

Санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды

Санитарно-эпидемиологическое заключение

№ R.07.X.KZ65VBS00100620

Дата: 09.02.2018 ж. (г.)

1. Санитариялық-эпидемиологиялық сараптау (Санитарно-эпидемиологическая экспертиза)

Мұнайлы ауданы, Басқұдық ауылы, Жаңа қоныс тұрғын массиві, Мираc көшесі, 59 ғимаратта орналасқан "

Ай-Шах" жеке меншік балабақшасы

(пайдалануға берілетін немесе қайта жаңартылған нысандардың, жобалық құжаттардың, тіршілік ортасы факторларының, шаруашылық және басқа жұмыстардың, өнімнің, қызметтердің, көліктердің және т.б. атауы) (полное наименование объекта, отвод земельного участка под строительство, проектной документации, реконструкции или вводимого в эксплуатацию, факторов среды обитания, хозяйственной и иной деятельности, работ, продукции, услуг, транспорт и т.д.)

Жүргізілді (Проведена) **Заявление от 05.02.2018 17:36:56 № KZ67RBP00108399**

өтініші, ұйғарым, қаулы бойынша, жоспарлы және басқа да түрде (күні, нөмірі)
по обращению, предписанию, постановлению, плановая и другие (дата, номер)

2. Тапсырыс (өтініш) беруші (Заказчик)(заявитель) **ЕСЖАНОВА АКТИЛЕК БОРИСОВНА, Мангистау**

Мунайлинский Басқұдық, Мираc 59 I

Шаруашылық жүргізуші субъектінің толық атауы, мекен-жайы, телефоны, жетекшісінің тегі, аты, әкесінің аты, қолы.
(полное наименование хозяйствующего субъекта (принадлежность), адрес/месторасположение объекта, телефон, Фамилия, имя, отчество руководителя)

3. Санитариялық-эпидемиологиялық сараптау жүргізілетін нысанның қолданылу аумағы (Область применения объекта санитарно-эпидемиологической экспертизы)

Дошкольное образование

сала, қайраткерлік ортасы, орналасқан орны, мекен-жайы (вид деятельность)

4. Жобалар, материалдар дайындалды (Проекты, материалы разработаны (подготовлены)

5. Ұсынылған құжаттар (Представленные документы)

6. Өнімнің үлгілері ұсынылды (Представлены образцы продукции)

7. Басқа ұйымдардың сараптау қорытындысы (егер болса) (Экспертное заключение других организации если имеются)
Қорытынды берген ұйымның атауы (наименование организации выдавшей заключение)

8. Сараптама жүргізілетін нысанның толық санитариялық-гигиеналық сипаттамасы мен оған берілетін баға (қызметке, үрдіске, жағдайға, технологияға, өндіріске, өнімге) (Полная санитарно-гигиеническая характеристика и оценка объекта экспертизы (услуг, процессов, условий, технологий, производств, продукции)



Мұнайлы ауданы, Басқұдық ауылы, Жаңа қоныс тұрғын массиві, Мирас көшесі, 59 ғимаратта орналасқан балабақша 2 қабатты ғимаратта орналасқан.

Балабақша ғимараты 1,8 метр биіктікте қоршалған. Балабақша және қосымша (шаруашылық) ғимараттармен жабдықталған.

Жалпы балабақшаның сыйымдылығы 70 орынға арналған.

Балабақшаның сыртқы жарықтандыру бір үлгідегі жарық жүйелерімен жабдықталған. Оған қоса, балабақша орналасқан көшедегі жарықтар балабақша ғимаратына еркін түседі.

Балабақшаның жалпы ауданы - 275,8м², құрылыс аймағы - 174,1м², ойын алаңы - 101,7м².

Учаскелерінің ауданы және балабақшаға кіру үшін мүгедектер арбасымен жеңіл қолдануға ыңғайлы етіп салынған. Ойын алаңына арналған участок балабақшаның сол жағына, яғни балабақша аумағының балаларға арналған ғимаратының алдыңғы жағына орналастырылған. Балабақша ойын алаңына 3-топқа арналған көлеңкелі бастырма орнатылған. Үш жағына қоршалып, едендері ағаштан жасалып, сырланған. Көлеңкелі қалқаның көлемі шамамен 20м². Ойын алаңына орнатылған ойын жабдықтары 3-топқа ортақ болуы қарастырылған және берік бекітіліп, ашық түстермен сырланған.

Көгалдандыру мақсатында арнайы орын бөлінген. Аумаққа кіру және одан шығу жолдары, көлікпен кіру жолдары, шаруашылық құрылыстарға, қоқыс жинайтын алаңдарға, санитариялық-аулалық қондырғыларға өтетін жолдар асфальтталған.

Балабақша аумағына балабақшаға байланысы жоқ үй-жай немесе нысан орналастырылмаған. Балалардың ойын алаңы балабақша ғимаратына қарама-қарсы орналасқан.

«Ай-Ш ах» балабақшасының шаруашылық аймағында қақпақтары бар контейнер қарастырылған.

Контейнердің айналасы үш жағынан қоршалған және залаласыздандыру мен жуып-тазалауға ыңғайлы материалдармен әрленген.

Топтар және қабылдау бөлмелерінің қабырғалары - сулыэмульсиядан дайындалған, төбесі - ХДМ, топтардың, қабылдау бөлмелерінің едендері линолеумделген, ал әжетхана, асүй, азық-түлік, медициналық бөлмелердің едендері - кафельденген. Жабдықтар мен жиһаздардың барлығы жаңадан алынған.

Жылу жүйесі - автономды, ғимарат артында бөлек бөлмеде электрлі жылыту қазандығы орнатылған. Ғимараттың ішкі температурасын қалыпты деңгейде сақтау мақсатында арнайы насос қондырғылары орнатылған. Балалардың күйікке шалдығуын және жарақат алуын болдырмау үшін балабақшаның ішінде орналасқан жылыту құралдары алмалы-салмалы ағаш торлармен қоршалған.

Балабақша ғимаратының бірінші қабатында 3-топқа арналған шешіну бөлмелері қарастырылған, аудандары - 12,4м², 20,9м², 18,3м². Қызметкерлерге арналған әжетхана, ауданы -2,2м². Әкімшілік бөлме - 8,1м². Балаларға арналған ойын және жатын біріктірілген 1-топ, ауданы - 53,7м². Сатының астында жуып-тазалау құрал-жабдықтарын сақтауға арналған бөлме қарастырылған, ауданы - 3,8м².

Сырттан ортақ бір есік арқылы қабылдау бөлмесіне кіру жоспарланған. Кіші топтың киініп-шешіну бөлмесі, ересек топтардың қабылдау бөлмесі арқылы кіріп-шығу қарастырылған. Қабылдау бөлмесінен ойын-және жатын орындары біріктірілген, топқа кіру жоспарланған. Балалар дәретханасы топтан тікелей кіру қарастырылған.

2-қабатқа саты арқылы көтеріледі. Сатыларының арасындағы саңылауларының арақашықтықтары 10 см. Екінші қабатта жатын ойын біріктірілген 2-топ қарастырылған, аудандары - 54,3м² және 39,5м². Әр топқа арналған әжетханалар қарастырылған.

Яғни балалар бірінші қабатта орналасқан киініп шешіну орнынан саты арқылы көтеріліп, топтарына келу ұйымдастырылған. Әр топта бөлек балаларға арналған әжетханалар қарастырылған. Және әр топта бөлек асхана ыдыстарын жуу орындары жасақтау көзделген.

Жатын - ойын бөлмелерінің әр қайсысы балаларға арналған 3-қабатты кереуеттермен жабдықталған. Кереуеттер балалардың бойы мен жасына сай келеді. Кереуеттер өтуге және үй-жайды жинауға ыңғайлылықты есепке ала отырып, ұзын жағынан терезелерге параллель орналастырылған. Кереуеттер қатарлары арасындағы қашықтық - 0,5 м. Бір жатын орынға арналған төсек жабдықтары (жайма, жастықтың тысы, көрпенің тысы) таңбаланған. Балабақшада кір жуу орны қарастырылмағандықтан, төсек-жабдықтан кірлеуіне байланысты арнайы орындарда жуылып-өтектегіп келетіндігі анықталды. Балаларға арналған тамақтану үстелдерімен және орындықтарымен, ойыншықтарға арналған сөрелермен және ойыншықтармен, теледидарлармен қамтылған. Ойыншықтар саны жеткілікті көлемде. Ойыншықтарды жууға арналған ыдыспен және щеткамен қамтылған, таңбаланған.

Балаларға арналған сатып алынған өнімдердің барлығының сапасы мен қауіпсіздігін растайтын құжаттары бар.

Әр топта ыдыстарын жууға арналған орындар ыдыс жууға арналған 2-көзді раковинамен және ыдыстарды кептіріп жинауға арналған шкафттармен қамтылған.

Дәретхана балаларға арналған 1-ванна, 3-унитаздармен, 4-қол жуғыштармен жабдықталған, яғни әр он балаға 1-унитаз қарастырылған. Балалардың сүлгілеріне және жеке заттарына арналған жеке ұяшықтары бар қабырғалық ілгіштермен қамтылған. Санитарлық тораптың, қабырғасы 1,8 биіктікте суға төзімді тақтайшамен қапталған, ал едендері кафельденген.

Жуып-тазалау құрал жабдықтары арнайы сатының астындағы бөлінген бөлмеде сақталады. Барлығы



пайдалану бағыты бойынша таңбаланған.

Ш аруашылық ғимараты балабақша ғимаратының оң жағында орналасқан және балалардың кіріп-шығуын болдырмау мақсатында қоршалып, есіктер салынған. Ш аруашылық ғимарат келесі бөлмелермен жабдықталған, олар:

- Медициналық блог (медициналық кабинет - 7,1м², оқшаулау бөлмесі - 3,2м², хлоратор бөлмесі - 1,5м². Медициналық блогта 1-есік қарастырылған, яғни оқшаулау және хлоратор бөлмелеріне медициналық қабылдау бөлмесі арқылы кіріп-шығу жоспарланған. Изолятордың өтпелі болмауы көзделген. Қабылдау бөлмесі мен оқшаулау бөлмелерінің арасында 1,2 м биіктікте әйнектелген қалқа құрылғысын орнату арқылы медициналық кабинетпен көрші орналастырылған. Медициналық бөлме қажетті құрал-жабдықтармен қамтылған. Медициналық қабылдау бөлмесіндегі қол жуғышқа ыстық және салқын су келтірілген.

- Медициналық блогқа жапсарлас асүй және азық-түлік қоймасы орналастырылған. Тарату орны - 4м², персонал бөлмесі - 4,1м², қол жуу орны - 1м², асүй - 17,7м², азық-түлік қоймасы - 10,4м². Азық түлік қоймасына тағамдар сыртта орналасқан есік арқылы әкелініп, асүйге ішкі есік арқылы тасымалданады. Персоналдар сырттан тарату орнында қалдырылған арнайы есік арқылы кіріп, асүйге персонал бөлмесінен тіке кіріп-шығу үшін арналған есік арқылы өтеді. Асүйдің бір бөлігінде асүй ыдыстарын жуып, сақтау жоспарланып отыр, лас және таза ыдыстар ағымының ережесі сақталу көзделген. Ыдыс жуу орнында асүй ыдыстарын жуу үшін екі көзді тереңдетілген раковина және асүй ыдыстарын жинауға арналған сөрелер қарастырылған. Тарату терезесі қызметкерлердің тамақтарды қабылдап тасымалдауына ыңғайлы етіп жасалған. Персонал бөлмесінде арнайы және жеке киімдерін сақтау үшін ілгіш қарастырылған қарастырылған. Қол жуу орнына салқын және ыстық су келтірілген. Асүй блогына балабақшадағы басқа қызметкерлер кіруінен оқшауланған.

- Тағамдарды сақтау бөлмесіне, сырттан тамақ тасымалдау үшін және асүйге тағамдарды кіргізіп алу үшін есіктер қарастырылған. Қоймада тағамдарды сақтау мақсатында 1-тоңазытқыш, поддондар мен стелаждар орнатылған. Тамақ өнімдерін сақтау кезіндегі тауар көршілестігі сақталуы ұйымдастырылған.

- Асүй қызметкерлеріне арналған әжетхана қойманың сыртқы қабырғасына жапсарлас салынған, яғни қызметкерлер аулалық әжетхана пайдаланады. Қызметкерлерге арналған қол жуу орны қойма жанында, арнайы бөлінген орынға орнатылған. Әжетхана кірер алдында арнайы жұмыс киімдерін ілуге арналған ілгіш қол жуғыш жанына орнатылған.

Ғимаратқа түсетін табиғи жарық терезе арқылы, жасанды жарықтандыру үшін люминесценттік шамдар пайдалануда, бір үй-жайда бір үлгідегі шамдар қолданылуда. Ш амшырақтар қорғаныш құрылғыларымен жабдықталған. Терезелерге жалюздер орнатылған. Терезелердің конструкциясында желдетуді ұйымдастыру мүмкіндігі көзделген. Лабораториялық зерттеу хаттамасы негізінде, жарық деңгейі қалыпты болды.

Ғимаратқа келетін су тасымал. Су құдығы балабақша ауласында, үшінші топтың көлеңкелі бастырмасының астыңғы жағына орналастырылған. Балалардың қауірсіздігін сақтау мақсатында, құдықтың ішкі есігін пластик материалынан тығыз жабылатын етіп орнатқан және бетіне тақтайшалардан еденмен теңестірген. Ал су сақтау сыйымдылықтың ішіне бөгде заттар түспеуінен қорғау мақсатында еденнің бетіне линолеум төселген.

Ғимараттарға салқын және ыстық су келтіру мүмкіндіктері жасалған, яғни су жылытқыштар орнату арқылы ыстық сумен жабдықталып отыр. Балаларға еркін ауыз су режимі ұйымдастырылған, яғни асүйде арнайы «ауыз су» ыдысында қайнатылып, топтарға «қайнаған ауыз су» ыдыстарымен таратылады. Лабораториялық зерттеу хаттамалары негізінде судың сапалылығы анықталды. Кәріз жүйесі 1 септик арқылы жүзеге асырылады.



9. Құрылыс салуға бөлінген жер учаскесінің, қайта жаңартылатын нысанның сипаттамасы (өлшемдері, ауданы, топырағының түрі, учаскенің бұрын пайдаланылуы, жерасты суларының тұру биіктігі, батпақтану, желдің басымды бағыттары, санитариялық-қорғау аумағының өлшемдері, сумен, канализациямен, жылумен қамтамасыз ету мүмкіндігі және қоршаған орта мен халық денсаулығына тигізер әсері, дүние тараптары бойынша бағыты) (Характеристика земельного участка под строительство, объекта реконструкции; размеры, площади, вид грунта, использование участка в прошлом, высота стояния грунтовых вод, наличие заболоченности, господствующие направления ветров, размеры санитарно-защитной зоны, возможность водоснабжения, канализования, теплоснабжения и влияния на окружающую среду и здоровью населения, ориентация по сторонам света;)

10. Зертханалық және зертханалық-аспаптық зерттеулер мен сынақтардың хаттамалары, сонымен қатар бас жоспардың, сызбалардың, суреттердің көшірмелері (Протоколы лабораторных и лабораторно-инструментальных исследований и испытаний, а также выкопировки из генеральных планов, чертежей, фото)

Санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды Санитарно-эпидемиологическое заключение

Мұнайлы ауданы, Басқұдық ауылы, Жаңа қоныс тұрғын массиві, Мирас көшесі, 59 ғимаратта орналасқан "Ай-Шах" жеке меншік балабақшасы

(нысанның, шаруашылық жүргізуші субъектінің (керек-жарак) пайдалануға берілетін немесе қайта жаңартылған нысандардың, жобалық құжаттардың, тіршілік ортасы факторларының, шаруашылық және басқа жұмыстардың, өнімнің, қызметтердің, автокөліктердің және т.б. толық атауы)

(полное наименование объекта санитарно-эпидемиологической экспертизы, в соответствии с пунктом 8 статьи 62 Кодекса Республики Казахстан от 18 сентября 2009 года «О здоровье народа и системе здравоохранения»).

(санитариялық-эпидемиологиялық сараптама негізінде) (на основании санитарно-эпидемиологической экспертизы)

ҚР ДСМ 17.08.2017ж. №615 «Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы бұйрығының тармақтар

Санитариялық ережелер мен гигиеналық нормативтерге (санитарным правилам и гигиеническим нормативам) сай немесе сай еместігін көрсетіңіз (соответствует или не соответствует)

сай (соответствует)

(нужно подчеркнуть) (указать)

Ұсыныстар (Предложения):

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Кодекстың негізінде осы санитариялық-эпидемиологиялық ұйғарымның міндетті түрде күші бар На основании Кодекса Республики Казахстан 18 сентября 2009 года «О здоровье народа и системе здравоохранения» № 193-IV ЗРК настоящее санитарно-эпидемиологическое заключение имеет обязательную силу

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Қоғамдық денсаулық сақтау комитеті
Маңғыстау облысы Қоғамдық денсаулық сақтау департаментінің Мұнайлы аудандық қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы

Мемлекеттік санитариялық Бас дәрігері, қолы (орынбасар)

Мунайлинское районное Управление охраны общественного здоровья Департамента охраны общественного здоровья Мангистауской области Комитета охраны общественного здоровья
Министерства здравоохранения Республики Казахстан

(Главный государственный санитарный врач (заместитель))

Исаева Ботагоз Усмановна

тегі, аты, әкесінің аты, қолы (фамилия, имя, отчество, подпись)



